



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 14 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 8 с ә у і р**

**Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2005 жылғы 15 сәуірде мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	9 105,9	9 126,1
оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	8 310,2	8 310,2
Алтын	795,7	815,9
Ақша базасы, млрд. теге	544,3	544,3
KZT/USD (кезең аяғында)	130,45	130,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	427,20	438,00

* 2004 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы сәуірдің бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 1,7%-ға (немесе 161,4 млн. долл.) төмендеді. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсетуі таза валюта қорларының (ЕАВ) 163,2 млн.долларға азаюына әкелді. Алтынмен активтер жүргізілген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 0,1%-ға төмендеуі нәтижесінде 1,8 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,7%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 1,9%-ға төмендеді, алтынмен активтер 0,3%-ға көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 5 150,7 млн. долл.) қоса алғанда 14 261,2 млн. долл. болды. Өткен айға төмендеуі 1,2 % болды.

2005 жылғы сәуірдің бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі ақша базасының 0,3%-ға (немесе 1,7 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.